



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 6 желтоқсан

ҚРҰБ-ның сайтында «Қазақстан Республикасында депозиттерді долларландыру деңгейін модельдеу» зерттеуі жарияланды

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми сайтта «Ақша-кредит саясаты» бөлімінде **«Қазақстан Республикасында депозиттерді долларландыру деңгейін модельдеу»** экономикалық зерттеуін жариялады (http://www.nationalbank.kz/cont/NBRK_WP_2017_10_dollarization_rus.pdf).

Бұл зерттеудің мақсаты депозиттерді долларландыруды модельдеу мен Қазақстанда валюталық депозиттерге сұраныстың өсуін және осы сұраныстың ұзақтығын түсіндіру болып табылады.

Ақша сұранысының стандартты функциясы пайдаланылды. Валюталық депозиттерге сұраныстың ұзақтығын айқындайтын «тегеріш»/гистерезистің ықтимал әсерін бағалауға арналған көрсеткіш қосымша енгізілді.

Зерттеу нәтижелері айырбастау бағамының агенттердің активтерді ұлттық немесе шетел валютасына бөлу бойынша шешімдеріне ықпалының маңызды екендігін көрсетеді. Бұл ретте валюталық гистерезисті бағалау үшін пайдаланылатын айырбастау бағамының барынша құнсыздануының мынадай түрлі ықпалы бар: жалпы депозиттерге және заңды тұлғалардың депозиттеріне қарағанда «тегеріш» әсері жеке тұлғалардың депозиттері үшін анық байқалады. Бұл жеке тұлғалардың активтерді бөлу бойынша шешімдер қабылдау кезінде (заңды тұлғалар 1 жылға дейін) айырбастау бағамының өткен мәндеріне (бағаланған уақыт кеңістігінде 5 жылға дейін) көп көңіл бөлетіндігін көрсетеді.

Белгіленген режим болған кезде «тегеріш» әсері күштірек (жеке тұлғалар бойынша статистикалық өлшемшарттарды күшейте отырып, 5 жылға дейін, заңды тұлғалар бойынша – 3 жылға дейін) болды. Валюталық депозиттерге сұраныс айырбастау бағамының бұрынғы режимде барынша ұзақ кезеңге сақталды. Басқарылатын айырбастау бағамы режимінде айырбастау бағамына түзету жүргізілгеннен кейін депозиттерді долларсыздандыру процесін жаңарту үшін барынша ұзақ кезең талап етіледі. Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимі кезінде долларландыру барынша тезірек төмендейді.

Еркін баға белгілеу режимі экономиканың долларландыру процесін тежейді, теңгерімсіздіктердің жинақталуына мүмкіндік бермейді, олар белгіленген айырбастау бағамының режимі кезінде кезеңдік құнсыздану жүргізуге себеп болып табылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz